

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2023. № 26 (1)

Бас редакторы:

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

1. Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); [Scopus Author ID: 55801644900](#); [ORCID](#)
2. Әжіғали Серік Ескендірұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57478728700](#); [ORCID](#)
3. Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57208107912](#); [ORCID](#)
4. Вильмено Анне-Мари, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); [Scopus Author ID: 36679419300](#); [ORCID](#)
5. Смағұлов Оразак Смағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); [Scopus Author ID: 22979625700](#); [ORCID](#)
6. Крупа Татьяна Николаевна, В.Н. Карамзин атындағы Харьков ұлттық университетінің Слобод Украинаның археология және этнология музейінің реставрациялық шеберхананың меңгерушісі (Харьков, Украина);
7. Көмеков Болат Ешмұхамедұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57193858171](#); [ORCID](#)
8. Кушқумбаев Айболат Қайырсыямұлы, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57202775542](#); [ORCID](#)
9. Мионг Сун-ок, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); [Scopus Author ID: 56720218700](#); [ORCID](#)
10. Моррисон Александр, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); [Scopus Author ID: 35794760200](#); [ORCID](#)
11. Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); [Scopus Author ID: 56409722900](#); [ORCID](#)
12. Әлімбаев Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 55860087100](#); [ORCID](#)
13. Садвокасова Закиш Төлеханқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 56682843400](#); [ORCID](#)
14. Өмер Құл, әлеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); [ORCID](#)
15. Оно Рюосуке, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропология (Токио, Жапония);
16. Төлеубаев Әбдеш Тәшкенұлы, тарих ғылымдарының докторы, этнограф, археолог; әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57189622830](#); [ORCID](#)
17. Уяма Томохико, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); [Scopus Author ID: 56471951500](#); [ORCID](#)
18. Петер Финке, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); [Scopus Author ID: 55124700300](#)

Жауапты редактор

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

Ғылыми редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар

Зікірбаева В.С., Черепанов Т.К.

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

1. Абиль Еркин Аманжолович, доктор исторических наук, профессор, директор Института Истории государства РК (Республика Казахстан, Астана); [Scopus Author ID: 55801644900](#); [ORCID](#)
2. Ажигали Серик Ескендинович, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник, почетный заведующий отделом этнологии и антропологии Института Истории и этнологии (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57478728700](#); [ORCID](#)
3. Абусеитова Меруерт Хуатовна, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент Национальной академии наук РК; директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57208107912](#); [ORCID](#)
4. Вильмено Анне-Мари, доктор антропологии, профессор Католического университета Лувен, (Бельгия, Лувен); [Scopus Author ID: 36679419300](#); [ORCID](#)
5. Исагулов Оразак Исагулович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана); [Scopus Author ID: 22979625700](#); [ORCID](#)
6. Крупа Татьяна Николаевна, заведующая реставрационной мастерской Музея археологии и этнографии Слободской Украины Харьковского национального университета имени В.Н. Карамзина (Украина, Харьков);
7. Кумек Болат Ешмухамбетович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК; директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57193858171](#); [ORCID](#)
8. Кушкумбаев Айболат Кайрслямович, доктор исторических наук, главный научный сотрудник, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана); [Scopus Author ID: 57202775542](#); [ORCID](#)
9. Мионг Сун-ок, доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, Сеул); [Scopus Author ID: 56720218700](#); [ORCID](#)
10. Моррисон Александр, PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд); [Scopus Author ID: 35794760200](#); [ORCID](#)
11. Муминов Аширбек Курбанович, доктор исторических наук, арабист, профессор; Консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул); [Scopus Author ID: 56409722900](#); [ORCID](#)
12. Нурсан Алимбай, кандидат исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 55860087100](#); [ORCID](#)
13. Садвокасова Закиш Тулехановна, доктор исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 56682843400](#); [ORCID](#)
14. Омер Кул, доктор социальных наук, профессор Стамбульского университета; (Турция, Стамбул); [ORCID](#)
15. Оно Рюосуке, доктор исторических наук, антрополог Университет Васеда (Япония, Токио);
16. Толеубаев Абдеш Ташкенович, доктор исторических наук, этнограф, археолог; профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57189622830](#); [ORCID](#)
17. Уяма Томохико, PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония, Саппоро); [Scopus Author ID: 56471951500](#); [ORCID](#)
18. Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); [Scopus Author ID: 55124700300](#)

Ответственный редактор

Муканова Гюльнар Кайроллиновна

Научные редакторы

Касымова Дидаар Бейсенгалиевна

Мурзаходжаев Куаныш

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева В.С., Черепанов Т.К.

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Editorial board

1. Abil Erkin Amanzholovich, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); [Scopus Author ID: 55801644900](#); [ORCID](#)
2. Azhigali Serik Yeskendirovich, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57478728700](#); [ORCID](#)
3. Abusseitova Meruert Khuatovna, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57208107912](#); [ORCID](#)
4. Vuillemenot Anne-Marie, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); [Scopus Author ID: 36679419300](#); [ORCID](#)
5. Ismagulov Orazak Ismagulovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); [Scopus Author ID: 22979625700](#); [ORCID](#)
6. Krupa Tatiana Nikolaevna, head of the restoration workshop of the Museum of archeology and ethnography of Slobodskaya Ukraine of the V.N. Karamzin Kharkov national university (Ukraine, Kharkov);
7. Kumekov Bolat Eshmukhambetovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57193858171](#); [ORCID](#)
8. Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); [Scopus Author ID: 57202775542](#); [ORCID](#)
9. Myong, Soon-ok, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); [Scopus Author ID: 56720218700](#); [ORCID](#)
10. Morrison Alexander, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); [Scopus Author ID: 35794760200](#); [ORCID](#)
11. Muminov Ashirbek Kurbanovich, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); [Scopus Author ID: 56409722900](#); [ORCID](#)
12. Alimbay Nursan, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). [Scopus Author ID: 55860087100](#); [ORCID](#)
13. Sadvokassova Zakish Tleukhanovna, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 56682843400](#); [ORCID](#)
14. Omer Cul, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); [ORCID](#)
15. Ono Ryosuke, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);
16. Toleubayev Abdesh Tashkenovich, doctor of historical sciences, ethnographer, archeologist; professor of al-Farabi Kazakh National university (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57189622830](#); [ORCID](#)
17. Uyama Tomohiko, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); [Scopus Author ID: 56471951500](#); [ORCID](#)
18. Dr. Peter Finke, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); [Scopus Author ID: 55124700300](#)

Executive Editor

Mukanova Gyulnar

Scientific Editors

Kasymova Didar

Murzakhodzhayev Kuanysh

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh

Technical secretary

Zikirbayeva V.S., Cherepanov T.K.



METHODOLOGY / ӘДІСНАМА / МЕТОДОЛОГИЯ

Published in the Kazakhstan
Otan Tarihy
Has been issued as journal since 1998
ISSN 2710-3994
Vol. 26. Is. 1. Pp. 5-14, 2023
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.41.91
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_26_1_5-14

ARCHAEOLOGIST V.F. ZAIBERT AND BOTAI CULTURE

Dosbol S. Baigunakov¹, Gulmira E. Sabdenova²

¹KazNU al-Farabi (h.71, al-Farabi str., 050040, Almaty, Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences, associate professor
<https://orcid.org/0000-0003-3741-9721>. E-mail: dosbol_bs@mail.ru
²KazNU al-Farabi (h.71, al-Farabi str., 050040, Almaty, Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate professor
<https://orcid.org/0000-0002-5090-7992>. E-mail: gulmiras801@gmail.com

© IHE after Ch.Ch. Valichanov, 2023
© *Baigunakov D.S., Sabdenova G.E.*, 2023

Annotation. *Introduction.* Over the last decade experts turned to the scientific work of their predecessors in archeology, as their legacy has been of great relevance and interest today. One of such figures is Viktor Fedorovich Zaibert, whose works have been in line with the latest trends in archaeological science. He had broad scientific interests and left behind hundreds of works on archaeology. Therefore, the objective of the article is to study the life path and determine the contribution of V.F. Zaibert to the development of Kazakhstani archeology. *Purpose and objectives of the study.* The objective is to focus on the biography of the scientist and analyze the orientation and results of V.F. Zaibert's research on archaeological sites. *Results.* V.F. Zaibert was one those who discovered and explored the unique Botai culture. Thanks to its archaeological and historical heritage, it was possible to reconstruct the picture of the Eneolithic period, expand the picture of the Stone Age and reassess the Bronze and the Early Iron Ages. The scientific novelty of the article is that the development of archaeology Northern Kazakhstan is considered in the context of the biography, research, and social activities of V.F. Zaibert. V.F. Zaibert's main conceptual views on the Botai culture have been reviewed. *Conclusions.* The problems of ancient history, as well as Botai culture, reflected in the works of V.F. Zaibert, convincingly reveal the historical situation in which various processes and phenomena took place. The creative credo and scientific works of V.F. Zaibert need deep understanding and further implementation to further the latest humanitarian research today.

Keywords: V.F.Zaibert, archaeologist, creativity, Eneolithic, Botai culture, domestication
For citation: Baigunakov D.S., Sabdenova G.E. Archaeologist V.F. Zaibert and botai culture // Otan Tarihy. 2023. Vol.26. No1. Pp.4-16. DOI: 10.51943/2710-3994_2023_26_1_5-14

АРХЕОЛОГ В.Ф. ЗАЙБЕРТ ЖӘНЕ БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ

Досбол Сүлейменұлы Байгунаков¹, Гульмира Есбатырқызы Сабденова²

¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (71-үй, әл-Фараби даңғылы, 050040, Алматы, Қазақстан)
тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор
<https://orcid.org/0000-0003-3741-9721>. E-mail: dosbol_bs@mail.ru
²әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (71-үй, әл-Фараби даңғылы, 050040, Алматы, Қазақстан)
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
<https://orcid.org/0000-0002-5090-7992>. E-mail: gulmiras801@gmail.com



Андатпа. *Kіріспе.* Соңғы онжылдықтар көлемінде зерттеуші мамандар тарапынан археология ғылымның алдыңғы буын өкілдерінің ғылыми ізденістері мен шынайы тұжырымдамаларына аса қызығушылық таныта отырып, жиі жүгіне бастағандығы анық байқалуда. Осы ретте археология ғылымында көптеген құнды ғылыми еңбектері мен тыңнан түрен салғандай өзіндік қолтаңбасын қалдыра білген Виктор Федорович Зайберттің ғылыми мұрасының маңызы күн өткен сайын арта түсуде. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – В.Ф. Зайберттің ғұмырнамасын зерделеу; сонымен қатар ғалымның ізденушілік бағытын және негізгі нәтижелерін талдау; Ботай мәдениетінің эталонды ескерткіштерін және археологтың концептуалдық көзқарастарын жүйелеу. *Нәтижелер.* Мақалада академиялық басылымдар негізінде зерттеушінің өмірбаяны, археологтың далалық жұмыстарының өзегі, Ботай мәдениеті бойынша атқарылған ізденістер нәтижелері қарастырылды. Парасат пайымы биік ғалымның археологиялық зерттеу жұмыстары мен тарихи талдауларының нәтижесінде тас және энеолит, қола мен ерте темір дәуірлеріне қатысты бірқатар мәселелердің шешімі табылып, жаңаша көзқарастар қалыптасты. Солтүстік Қазақстанда археология ғылымының дамуына да тікелей В.Ф. Зайберттің өмір жолымен, ғылыми-зерттеу бағытымен және қоғамдық қызметі аясында қарастыруға да болады. *Қорытынды.* В.Ф. Зайберт еңбектерінде көтерілген ежелгі тарих, соның ішінде Ботай мәдениеті мәселелері түрлі үдерістер мен құбылыстар үздіксіз жалғасын тапқан тарихи негіздермен нақты қабысады. Бүгінгі таңда В.Ф. Зайберттің қайраткерлік келбеті мен ғылыми ізденістерінің жемісі саналатын айтулы еңбектері ыждаһатты оқып түсінуді талап етеді және гуманитарлық ғылым салаларындағы зерттеу жұмыстары барысында кеңінен қолдануды қажет етеді.

Түйін сөздер: В.Ф. Зайберт, археолог, шығармашылық, энеолит, Ботай мәдениеті, доместикация

Дәйексөз үшін: Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е. Археолог В.Ф. Зайберт және Ботай мәдениеті // Отан тарихы. 2023. Т.26. №1. С.4-16. DOI: 10.51943/2710-3994_2023_26_1_5-14

АРХЕОЛОГ В.Ф. ЗАЙБЕРТ И БОТАЙСКАЯ КУЛЬТУРА

Досбол Сулейменович Байгунаков¹, Гульмира Есбатыровна Сабденова²

¹КазНУ им. аль-Фараби (д.71, проспект аль-Фараби, 050040, Алматы, Казахстан)
доктор исторических наук, ассоциированный профессор
<https://orcid.org/0000-0003-3741-9721>. E-mail: dosbol_bs@mail.ru

²КазНУ им. аль-Фараби (д.71, проспект аль-Фараби, 050040, Алматы, Казахстан)
кандидат исторических наук, доцент
<https://orcid.org/0000-0002-5090-7992>. E-mail: gulmiras801@gmail.com

Аннотация. *Введение.* В последнее время специалисты стали чаще обращаться к научному наследию представителей археологической науки, так как оно сегодня представляет огромный интерес. Большое значение имеет научное наследие Виктора Федоровича Зайберта, в русле последних тенденций археологической науки. Он известен широтой своих научных интересов, оставил после себя сотни трудов по археологии, требующих систематизации. *Цель и задачи исследования* – изучить биографию В.Ф. Зайберта, проанализировать направленность и основные результаты исследований ученого; систематизировать эталонные памятники по ботайской культуре и концептуальные взгляды археолога. *Результаты.* В статье по академическим трудам изучены жизненный путь исследователя, основные полевые работы археолога, итоги работ по ботайской культуре. Благодаря археологическому и историческому наследию ученого удалось восстановить картину научной проблематики энеолита, расширить картину каменного века, взглянуть по-новому на проблемы эпохи бронзы и раннего железного века. Развитие археологической науки Северного Казахстана можно рассмотреть в контексте с биографией, научно-исследовательской и общественной деятельностью В.Ф. Зайберта. *Выводы.* Проблемы древней истории, а также ботайской культуры, нашедшие отражение в работах В.Ф. Зайберта, убедительно раскрывают историческую обстановку, в которой происходили различные процессы и явления. Творческое кредо и научные труды В.Ф. Зайберта



нуждаются на сегодняшний день в глубоком осмыслении и использовании в новейших гуманитарных исследованиях.

Ключевые слова: В.Ф. Зайберт, археолог, творчество, энеолит, ботайская культура, доместикация

Для цитирования: Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е. Археолог В.Ф. Зайберт и ботайская культура // Отан тарихы. 2023. Т.26. №1. С.4-16. DOI: 10.51943/2710-3994_2023_26_1_5-14

1. Кіріспе

Тарихи ой-пікірлерді біршама жүйелейтіндіктен әрі белгілі бір археологиялық мектептің бағытын айқындайтындықтан көтеріліп отырған тақырыпты өзекті деп айтуға болады. Сонымен қатар осы бағыттағы ізденістер легі аға буын зерттеушілердің тәжірбиесін пайымдау, ғылыми мұрасын саралау және таразылау әлі қарастырыла қоймаған кейбір сауалдарды түпкілікті нақтылауға да мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан келер болсақ, археолог Виктор Федорович Зайберттің (30.09.1947–19.04.2022) ғұмырнамасы мен ғылыми мұрасын зерделеудің өзекті бірнеше қырлары бар: біріншіден, нақты-тарихи тұрғыдан осы мәселені тереңірек қарастыруға жол ашады; екіншіден, тақырып бойынша тарихи-археологиялық ілімнің даму үдерістерін кең көлемде қозғауға мүмкіндік береді; үшіншіден, белгілі бір аймақтардағы археология ғылымының дамуын айқындайды; төртіншіден, тарихнамалық бағыттағы бірқатар ізденістерді жүйелеп, ғылыми сабақтастықты және келешектегі қарастырылуы тиіс мәселелерді нақтырақ көрсетіп береді.

Жоғарыда айтылғандай, археолог В.Ф. Зайберттің сүбелі, қомақты әрі сан салалы ғылыми мұрасын, оның отандық археологияның дамуына қосқан үлесін, ғылыми-педагогикалық және шығармашылық қызметін тұжырымдау көкейкесті мәселелерді қамтитындығы нақты белгілі болып отыр. Мақаланың мақсаты археолог В.Ф. Зайберттің қазақстандық археологияға қосқан үлесін анықтау. Қойылған мақсатқа қарай бірнеше міндеттер де айқындалып отыр. Олар: жарияланған дереккөздері бойынша ғалымның ғибаратты ғұмыры мен ғылыми өмірін зерттеу; археологиялық ізденістерінің бағыты мен нәтижелерін сараптау; оның педагогикалық өміріне, шығармашылық және ұйымдастырушылық қызметіне баға беру; ботай мәдениетін зерделеудегі ізденістеріне сараптама жүргізу. Зерттеу нысаны соңғы жарты ғасырдай уақыттағы қазақстандық археологияның тарихы болып табылады. Ал зерттеу пәніне археолог В.Ф. Зайберттің Ботай мәдениетінің мәселелеріне қатысты көзқарастары, концептуалды ойлары мен ұйымдастырушылық қызметі кіреді. Мақаланың хронологиялық шегі ғалымның ғибаратты ғұмырымен тығыз байланысты болса, ал географиялық шеңберіне зерттеушінің ежелгі дәуірлер сауалдары бойынша далалық ізденістер жүргізген аймақтары жатады.

2. Материалдар мен әдіс-тәсілдер

Археолог В.Ф. Зайберттің жалпы тарихи заңдылықтар туралы және мәдени-дүниетанымдық түсініктерін ашуға жәрдемдесетін салыстырмалы-тарихи әдіс зерттеудің әдіснамалық негізін құрады, ал кеңінен қолданылған тарихилық принципі ғалымның ғылыми мұрасын зерттеуге жүйелі түрде келуге мұрындық болды. Сонда да болса ғылыми ізденіс ең алдымен деректанулық зерттеу әдісіне негізделген дей аламыз. Белгілі бір уақыт шеңберіндегі мәліметтерді бүге-шүгесіне дейін ашып көрсетуге мүмкіндік беретін ретроспективтік талдау қолданылып, мәтіндерді толымды түрде түсіндіруге жетелейтін герменевтика да пайдаланылды. Сонымен қатар жүйелілік әдісін зерттеу ісіне тарту В.Ф. Зайберттің музейлік, археологиялық, мәдениеттанулық, өлкетанушылық, ғылыми-педагогикалық қызметін ашып көрсетуге жетелесе, ал тарихи-генетикалық әдіс болса зерттеушінің ғылыми көзқарастарының қалыптасуы мен дамуын бір ізге түсіруге жәрдемін тигізді. Сайып келгенде, жұмыста талдау, синтез, индукция, дедукция, т.б. секілді жалпы ғылыми әдістер де жиі пайдаланылды.

3. Талқылау

Айта кету керек, бұл еңбекте тарих ғылымдарының докторы, профессор В.Ф. Зайберттің ғұмырнамасы мен ғылыми мұрасына, соның ішінде Ботай мәдениетіне ғана қатысты бірен-саран сауалдар көтеріліп отыр. Өйткені көтерілген тақырыптың ауқымды болуы ішінара бірқатар мәселелермен ғана шектелуге мәжбүрлейді. В.Ф. Зайберт секілді көп қырлы ғалымның ғылыми мұрасын зерделеу арнайы іргелі зерттеулерді қажет етеді. Сол себепті мақала авторлары қарастырылып отырған мәселені түпкілікті шешіп бердік дей алмайды және де



ұсынылып отырған мақала мәселеге кешенді талдау жүргізуге деген талпыныс қана екендігін ескертеді.

Осы уақытқа дейін жарияланған археолог В.Ф. Зайберт және Ботай мәдениеті туралы ғылыми еңбектер, ғылыми-көпшілік еңбектер баршылық. Әйтсе де олардың арасында археолог В.Ф. Зайберттің ғұмырнамасы жайлы ізденістер аз кездеседі. Түрлі тарихи-публицистикалық, өлкетанулық және анықтамалық сипаттағы ақпараттар қорында Ботай мәдениетінің сауалдары көптеп көрініс тауып жатады. Бірқатар ғылыми мақалалар да жарияланып, ғалымның мұрасы сараланды (Черказьянова, 2012: 76-80). Зерттеушінің қадыр-қасиетіне, ғылыми ізденістерінің бағыттарына назар аударылып, ашқан жаңалықтарына қатысты сүбелі пікірлер де көптеп айтылды. Мысалы, Г.К. Мұқанова секілді зерттеушілер археология ғылымын өнердің шыңы ретінде қарастыра отырып, бұл ғылым саласына В.Ф. Зайберттің қосқан өлшеусіз үлесіне баға беруге тырысты. Зерттеуші өз кезегінде Виктор Федорович Зайберттің 50 жылдық ғылыми-педагогикалық қызметін саралап, отандық археологиядағы ізденістеріне тарихнамалық талдау жүргізді (Муканова, 2019: 160-166). Кейіннен ғалым қайтыс болған кезде А. Сулейменов *Qazaqstan tarıhu* интернет басылымда (e-history.kz) отандық ғылым орны толмас қайғыға ұшырағандығы туралы мақала жариялады (Сулейменов, 2022: беттері көрсетілмеген – *авт.*). Мақаласында автор В.Ф. Зайберттің ғұмыры мен ғылыми жұмыстарына тоқталып, жеткен жетістіктеріне шолу жасады. Десе де В.Ф. Зайберт туралы жарияланған мақалалар саусақпен санарлық.

Археолог В.Ф. Зайберт ғұмырнамасы мен ғылыми-зерттеушілік жетістіктеріне қатысты ғылыми мақалалар аз болғанымен, есесіне бұқаралық-ақпараттық құралдарда Ботай мәдениеті мен оның зерттеушісі археолог В.Ф. Зайберт жөнінде жүздеген ғылыми-көпшілік еңбектерді кездестіруге болады. Журналшылар, өлкетанушылар, мәдениеттанушылар, т.б. тарапынан археолог В.Ф. Зайберт пен Ботай мәдениеті жайлы мақалалар, сұхбаттар, қысқаша мәліметтер мен хабарламалар көптеп жарияланған. Келешекте осындай ізденістер мен ғылыми-көпшілік мақалалар арнайы зерттелінгені дұрыс. Мұндай жарияланымдар ғалымның көзқарастыр эволюциясын айқындауға, белгілі бір мәселелерге қатысты ой-пікірлерінің дамуын анықтауға мол мүмкіндік береді.

4. Зерттеу нәтижелері

Өткен жылы күзде көзі тірі болса тарих ғылымдарының докторы, археология профессоры, Германия археология институтының және ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының мүше-корреспонденті Виктор Федорович Зайберт 75 жасқа толар еді. Археолог Виктор Федорович Зайберт (1947-2022) әлемдік археологияға мол үлес қосқан отандық кәсіби археологтардың бірі болып саналады. Оның ғибратты ғұмырнамасы өскелең ұрпаққа үлгі бола алады, жас буынға ерік-жігер мен күш-қайрат ұсынып, ғылыми ізденімпаздыққа жетелейді. Артында қалған ғылыми-зерттеушілік мұрасын, ғылыми айналымдарға енгізген жүздеген археологиялық нысандарын отандық археология тарихнамасындағы қомақты қор деп санауға болады.

Ғалымның өміріне қысқаша тоқталып кетер болсақ, онда ол былайша өрбітіледі: В.Ф. Зайберт 1947 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Николаевка ауылында Еділ бойындағы неміс автономиясынан қоныс аударылған ауылдық зиялылар отбасында дүниеге келген. 1965 жылы Есіл ауданындағы Явленка орта мектебін тәмәмдаған соң Петропавл педагогикалық институтына оқуға түседі де, оны 1969 жылы бітіріп шығады. Ол 2-курста оқып жүріп археолог Г.Б. Здановичпен танысады. Айта кету керек, 1967 жылы Г.Б. Зданович Солтүстік Қазақстан облыстық өлкетану музейі мен Петропавл педагогикалық институты базаларының негізінде Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясын жасақтайды. Экспедиция құрылған күннен бастап Виктор Зайберт өз ұстазының қасында болып, оның сенімді серігіне айнала білді. Алғашқы жылдары экспедицияның далалық ғылыми-зерттеу жұмыстары Явленка және Покровка ауылдары маңында жүргізілді. Жергілікті жер жағдайын жақсы білетін В.Ф. Зайберт осы кездері ұстазына таптырмас қолқанат бола алды. Экспедиция құрал-саймандары мен жабдықтары үшін өз үйін де қолдануға берді. Осы жерден экспедиция отрядтары шартарапқа зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін аттанып кетіп отырды. Ал институтты бітірген соң Виктор Зайберт 1969-1976 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық өлкетану музейіндегі археология бөлімінде жұмыс істеді. Алғашқыда реставратор, ғылыми қызметкер, кейіннен бөлім бастығы болып қызмет етті. 1977-1980 жылдар ол үшін жемісті болған еді. Бастапқыда пединститутта жұмыс істеді, одан кейін Мәскеу қаласындағы КСРО



Ғылым академиясы Археология институтының аспирантурасында оқыды. Виктор Зайберт аспирантурада оқып жүрген кезде оның диссертациясына атақты археолог О.Н. Бадер (1903-1979) жетекшілік етті. Ол оның ең соңғы аспиранты болды. Ұстазымен ақылдаса келе уақытында В.Ф. Зайберт «Солтүстік Қазақстан неолиті» тақырыбын таңдап алған болатын. 1972 жылдан бастап Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясын басқарып жүрген Виктор Зайбертте тақырыпқа қатысты материалдар жеткілікті болған еді.

Диссертациясының мәтіні неолиттік Атбасар мәдениетін қамтыды, осы мәдениеттің ерекшеліктері мен негізгі мәселелерін көтерген ол ғылыми ізденісін сәтті қорғап шықты. Осыдан кейін елге қайтып келіп, 1998 жылға дейін пединститутта (қазіргі М.Қ. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті) қызметін жалғастырды. Осы аралықта ол оқытушы, кафедра меңгерушісі, тарих-филология факультетінің деканы, ғылым жөніндегі проректор, университет НИС басшысы болып қызмет еткен болатын. Университетте жүріп үзбей ғылыми ізденістермен шұғылданды. 1992 жылы «Археология» мамандығы бойынша «Орал-Ертіс өзендер аралығындағы энеолит» тақырыбында докторлық диссертациясын Новосібір қаласындағы РҒА Сібір бөлімшесіндегі Археология және этнография институтында сәтті қорғап шықты. Ал 1996 жылы профессор лауазымын иемденді. Айта кету керек, Виктор Зайберттің докторлық диссертациясына 1980 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданындағы өзі ашқан Ботай қонысының материалдары негізге алынды. Бұл қоныстан басқа көптеген ескерткіштердің (Красный Яр, Баландино, Рошинское, Сергеевка, т.б.) материалдарын зерделей келе ғалым татымды тұжырымдар жасады. Ол қазақ сахарасында жылқы қолға үйретілгендігін дәлелдеді. 1990 жылдардың ортасына қарай Виктор Зайберт Германиядағы Питтсбург, Берлин қалаларындағы археолог әріптестерімен тығыз ғылыми байланыстар орнатты. 1995 жылы Ботай қонысында «Еуразия көне жылқышылары» атты халықаралық симпозиум өткізуге мұрындық болды. Бұл симпозиумға 16 мемлекеттен 80-нен астам археологтар қатысқан еді. Келген қонақтардың барлығы табылған материалдарды зор ықыласпен қарап, бұлтартпайтын археологиялық деректерді көріп қайтты. Біразы археологиялық ізденістерге қатысуға құлшыныс та танытты.

Нәтижесінде 1997-2000 жылдары ерте темір дәуіріне жататын «Солтүстік Қазақстан облысы Сергеевка ауылы маңындағы Байқара қорғаны мен қорымын қазу» атты Қазақстан-Германия бірлескен жобасы жүргізілді. Бұл жобаның нәтижелері орыс және неміс тілдерінде жарияланған «Большой курган Байқара» телавторлық монографиясында қорытындыланды. 1999-2002 жылдары Виктор Федорович Зайберт Петропавл бизнес және басқару институтында ректор, 2002-2003 жылдары Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті Пединститутының директоры, 2005-2009 жылдары саясаттану және тарих кафедрасының меңгерушісі, сонымен қатар «Көкше» археология және мәденигенез ғылыми орталығының директоры болып қызмет етті. Кейіннен зейнеткерлікке шыққан соң да жазда күрегін, қыста қаламын тастамай археология саласында аянбай еңбек ете берді. Бүгінгі таңда Виктор Федорович Зайберт әлемдік археологияда өз орнын алған кәсіби археолог болып саналады. Бұған ғалымның шетелдерде оқыған дәрістері, түрлі форумдарда жасаған баяндамалары, ұйымдастырған көрмелері, шетелдік ғылыми мекемелердің берген атақтары да нақты дәлел бола алады. Мәселен, 1994 жылы Кембриджде ол «Далалық өркениеттің бастаулары» атты 2 айлық көрме ұйымдастырды. Белфаст, Кембридж, Оксфорд, Ньюкастл, Эдинбург қалаларындағы университеттер мен ғылыми мекемелерде дәрістер оқыды. 1996 жылы Берлин археология институтында «Ботай мәдениеті және Қазақстан далаларында өнім өндіру экономикасының қалыптасуы» атты тақырыпта баяндама жасады. 1997 жылы Германия археология институтының мүше-корреспонденті болып сайланды. Қазақстанда да көптеген университеттер мен ғылыми мекемелерде үнемі дәріс оқып, көрмелер ұйымдастырып жүреді. Оның дәрістерін мыңдаған студенттер тыңдады. 2007 жылы Алматы қаласында Республикалық мемлекеттік музейде «Ботай – далалық өркениеттің бастауы» тақырыбында көрме ұйымдастырды. 2011 жылы Солтүстік Қазақстан облыстық музейі «Орталық Азиядағы археологиялық зерттеулер» атты халықаралық фотокөрмеде В.Ф. Зайберттің материалдарын көптеп пайдаланды. Ғалым өзінің 70-жылдық мерейтойы қарсаңында эл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих, археология және этнология факультетінде (қазіргі тарих факультеті) көшбасшылық дәріс оқыды. Көшбасшылық дәрісті білімгерлер, студенттер, магистранттар,



докторанттар, профессор-оқытушылар құрамы зор ықыласпен тыңдады (Байгунаков, Сабденова, 2017: 99-100).

Бұдан соң сол жылы желтоқсан айында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ басшылығы ашқан «Археология және дала өркениеті» ғылыми-зерттеу институтын басқарды (Baigunakov, 2018: 258-260). Өмірінің соңына дейін осында жүріп ботай мәдениетін зерттеуін жалғастырды да, бірқатар іргелі еңбектерін жариялады.

Үкімет тарапынан 2018 жылы «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ұйымдастырылып, ұзақ жылдар бойғы В.Ф. Зайберттің арманы орындалды. Ол музей-қорықты өз жұмыстарын жалғастырушы мирасқор ретінде бағалады, оған сенді. Ұзақ жылдарға созылған ғылыми қызметі мемлекет тарапынан бағаланып, 2017 жылы В.Ф. Зайберт II дәрежелі «Достық» орденімен де марапатталған болатын. Ал 2021 жылы «Парасат» орденімен де марапатталды.

Виктор Федорович Зайберттің 150-ден астам ғылыми еңбектері жарыққа шыққан. Олардың әрбірі өзінің ғылыми мазмұнымен ерекшелінеді. Виктор Федорович Зайберт отандық археология тарихына өз есімін қалдырған ғалым ретінде танымал (Zaibert et al, 2019). Себебі ол әлемдік археологияға неолиттік Атбасар мәдениеті мен энеолиттік Ботай мәдениеті сынды бірегей дүниелерді енгізе алған зерттеуші болып табылады. Зерттеушінің ғылыми еңбектерінің хронологиясы тас дәуірінен орта ғасырларға дейінгі аралықты, яғни кең диапазонды қамтиды. Ол – ұзақ жылдар бойы еліміздің солтүстік өңірлерінде археологиямен айналысқан білікті маман, жоғары оқу орындарында жұмыс істеп келе жатқан ардақты ұстаз бола білді. Оның тыңнан ашқан жаңалықтары Қазақстан археологиясының беттеріндегі бірқатар ақтандақтар орнын толықтырды деуге болады. Мәселен, В.Ф. Зайберт өткен ғасырдың 70-80-жылдары Атбасар өңірінен 200-ден астам тас дәуірінің ескерткіштерін ашып, қазба жұмыстарын жүргізген. Нәтижесінде жоғарыда айтылған «Атбасар мәдениеті» және де өзге археологиялық нысандар бойынша Солтүстік Қазақстанның голоцен заманындағы тас ғасырының хронологиясы, кезеңдестірілуі, тарихи дамуы қалпына келтірілді. Ал қазба жұмыстары 1980 жылы басталған энеолиттік Ботай қонысы әлемге танылған ескерткіштердің бірі болып табылады. Бұл қоныс материалдары жылқы малының Қазақстанда қолға үйретілгендігін дәлелдейді. Сондай-ақ шетелдік ғалымдар қазба кезінде табылған құмыралардан қымыз қалдықтары анықталған болатын. Аталмыш қоныстан 365 мыңдай жылқы сүйектері анықталған. (Zaibert et al, 2021 a) Қоныстағы баспаналар қалпына келтіріліп, оның қазақтың шошаласына ұқсастығы дәлелденген. Сонымен қатар зерттеуші-ғалым кейінгі жылдары дарбаза типіндегі баспаналар болғандығын да айтып жүрді. Алайда мұндай тұжырымын нақты дәлелдеп беруге үлгере алмай кетті. В.Ф. Зайберт және оның әріптестерінің арқасында қазақ өркениетінің бірнеше мыңжылдық тарихы бар екендігі тағы да нақтылана түскендігі мәлім. Ғалым өз зерттеулері туралы журналшыларға берген сұхбаттарының бірінде былай дейді: Археология – жалғыздың ғылымы емес, бұл ұжымдық ғылым саласы. Менің жетекшілігіммен Ботай мәдениетінің алдындағы атбасар мәдениеті ашылды. Ол бұдан 10 мың жыл бұрын қалыптасып, біздің заманымыздан бұрынғы үшінші мыңжылдықта аяқталды. Ал Ботай мәдениеті біздің заманымыздан бұрынғы төртінші мыңжылдықтағы Атбасар мәдениетімен бір ортада қабаттаса қалыптасты. Бұл мәдениеттер екі мың жылдай бірге жасасып келді, өзара байланыстарға түсті, соның негізінде ботай секілді жаңа мәдениет қалыптасты (Байгунаков, Сабденова, 2017: 101).

Мұның растығын соңғы жылдары жүргізілген жаңа әрі тың зерттеу жұмыстары да нақтылап отыр. В.Ф. Зайберт археология сынды ғылымның ауыр да сұрлеулі жолын таңдап, ұстаздықтың үлгісін көпке көрсетіп кеткен дара тұлға ретінде сипатталады. Ал оның ғылымға қосқан үлесі ұшан-теңіз. Ендігі кезекте В.Ф. Зайберттің Ботай мәдениетіне қатысты кейбір пайымдамалары мен тұжырымдамаларына тоқталып кеткенді жөн санап отырымыз.

Өз кезегінде, Қазақстан даласындағы өндіруші шаруашылықтың қалыптасуы отандық археологиядағы көкейкесті дүниелердің бірі саналады. Археолог В.Ф. Зайберт пікірінше: еуразиялық далалы аймақтардағы өнім өндіруші шаруашылық дәстүрлі түрдегі балықшылық, терімшілік, аңшылық секілді салалармен қабыса әрі бітесе қалыптасқан. Геологиялық кезеңдестіру бойынша мезолит мәдени-тарихи кезеңімен қатар голоцен дәуірі қалыптасады да, оның орта тұсында жаңа тас дәуірі орныға бастайды. Неолит кезеңінде Солтүстік Қазақстан аумағында Атбасар мәдениетін қалыптастырған қауымдар тіршілік етеді. Олар б.з.б.



VI мыңжылдықта аңшылықпен айналысып, жануарларды қолға үйретудің алғашқы тәжірибелерін жүргізе бастады. Б.з.б. V-IV мыңжылдықтардағы неолит ескерткіштері үлкен және кіші су алаптарында шоғырланды, мұның өзі және табылған тас құрал-саймандар қалдықтары (гарпун, т.б.) атбасарлық қауымдардың балықшылықты негізгі кәсіп ретінде қолданғандығын да көрсетеді. Аңшылық пен балықшылық энеолит заманындағы адамзат өмірінде де маңызды рөл атқарды. Осы мәдени-шаруашылық кешендері негізінде Солтүстік Қазақстан даласында өндіруші шаруашылық орнады. Оның жарқын көрінісін ботай мәдениетінің қауымдары қалыптастырған еді. Археолог В.Ф. Зайберт ботайлықтар табиғаттың бір бөлігі саналатын жылқыны меншіктеп алғандығын әрі ортақтасып пайдаланғанын, тіпті экспортқа шығарып тұрулары ықтимал екендігін де айтады (Зайберт, 2011: 176-177). Оның ойынша, Ботай қонысынан табылған Оңтүстік Орал археологиялық мәдениеттеріне тән қыш ыдыстар, Орта Азия жерінен келген моншақтар, т.б. заттар іргелес өңірлермен азды-кемді мәдени байланыстардың болғандығын аңғартады. Арнайы жылқы шаруашылығының көп қырлы экономика жүйесінде қалыптасуы өндіруші шаруашылықтың жандана түсуіне себепкер болып, үй кәсібінің тынысына ерекше дем берді. Дегенмен ботайлықтар ең алдымен ішкі қажеттілікті қамтамасыз етуі тиіс болған еді. Сол себепті де қауым мүшелері жылқы шаруашылығына қажетті құралдарды, алуан түрлі саймандарды жетілдіре түсті. Жылқыны қолға үйретіп, оны ботайлықтардың сауып ішкендігі зертханалық тұрғыдан нақты дәлелденіп отыр. Мұны қазіргі таңда ғылыми көпшілік толығымен мойындайды. Сондай-ақ Ботай қонысынан жинастырылған сүйек қалдықтары арасындағы жылқы сүйектері көлемі 99,9 пайызды құрайды. Мұның өзі де шаруашылықта жылқы өсіру жетекші орында тұрғандығын және де қолға үйретілгендігін нақты аңғартады.

Ботай қоғамын қалпына келтіру де сол замандағы қоғамдық қатынастарды, алғашқы қауымдық ұйымдарды және олардың күнделікті тыныс-тіршілігін қайта жаңғыртуға дем беретін көкейкесті мәселелер қатарына жатады. Археолог В.Ф. Зайберт этнографиялық және археологиялық мәліметтерге жүгіне отырып кез келген баспанадағы ошақ бір кішігірім отбасына тиесілі деп алады да, бір адам кемінде баспананың 2,5-3 ш.м-ін иемденген деп тұжырымдайды. (Zaibert et al, 2021 b) Оның ойынша, зерттелінген 80 шақты баспанада 870-тей адам өмір сүрген. Баспаналардың орны саналатын қазаншұңқырлардың санына қарағанда Ботай қонысында 240-320-дай баспана болуы ықтимал. Демографиялық жағдайларды ескерсек қоныста бүкіл уақыт бойы тұрған адамдардың саны мынадай болуы мүмкін: $280 \times 643 : 59 = 3051$, мұндағы 280 – баспаналардың жалпы ортақ саны; 643 – теориялық тұрғыда 59 баспананың жыл бойы өмір сүретін адамдарының саны; 59 – арифметикалық тұрғыдан есептелінген баспаналар саны; 3051 – қоныста бүкіл уақыт бойы тұрған адамдардың жалпы теориялық саны. Сайып келгенде, ботай мәдениетін қалыптастырған қауымның негізгі өзегі өзіндік динамизмімен сипатталынатын отбасы болған. Отбасындағы адамдар саны кемінде – 2-4, мейлінше көбі – 18-20 адам болған секілді. Отбасы мүшелері орташа саны 10 адамды құрады. Олар экономикалық, мәдени және туыстық жағынан өзара тығыз байланыстағы экзогамдық қауымдарды болып бірігуі де ықтимал. Қауымдар шаруашылығы мен тыныс-тіршілігі отбасымен, экзогамдық бірлестіктермен тығыз байланыста болды. Өзара көмек, бірін-бірі қолдау және сыртқы жаулардан бірлесе қорғану секілді ортақ құндылықтар қалыптасты. Ботай қауымдары арасындағы алғашқы қоғамдық бастауыш ұя белгілі бір табиғи экологиялық, экономикалық, этникалық жағдайларда қалыптасқан болатын. Күнделікті қаракет өзіндік бір шаруашылық-мәдени типті қалыптастырды (Зайберт, 2011: 432-434). Ботай мәдениетінің отбасылық және қауымдық құрылымдары күнделікті шаруашылық қаракеті нәтижесінде ортақ құндылықтарды жетілдірді. Әлеуметтік және этникалық аспектілер қоршаған ортамен, дүниетаныммен және қасиетті таным-түсініктермен тығыз байланыста дамыды. Ботай адамы қоршаған ортаға бейімделіп, өз еңбегінің арқасында ежелгі қауымдарда орын алған құрылымдық жүйелерді өзгерте бастады. Ортақ құндылықтардың шығуы қауымды біріктірді, оның ұзақ жылдар мызғымай әрі біртұтас болып қалыптасуына жағдай туғызды.

Сонымен қатар отандық тарихнамада діни көзқарастардың тамыры ерте замандарда пайда болғандығы жайлы көптеген ізденістер бар (Надыров, Байгунаков, Сабденова, 2017: 108). Ал ботайлықтар қоғамындағы ортақ құндылықтар мен діни наным-сенімдер жүйесін ұсақ пластикадан, гравюралардан, жартақ суреттерінен, сүйек пен қыш ыдыстарға түскен алуан түрлі суреттер желісінен және өзге де бұйымдардан аңғаруға болады. Археолог В.Ф. Зайберт



археологиялық артефактілер негізінде ботай қоғамында орын алған құндылықтар жүйесін шаруашылық-мәдени типпен тығыз байланыстыра қарайды да, өз кезегінде ең негізгі деректемелік қорға баспаналарды, тұрмыстық қасиетті мифологиялық атрибутика мен әшекейлерді жатқызады. Осы бұйымдардың көмегі арқылы зерттеуші ботай қауымындағы құндылықтарды қалпына келтіруге тырысты. Ол этнографтар мен тарихшылардың ежелгі замандарда баспаналардың семиотикалық статусы жоғары болған деген тұжырымдамаларын қолдай келіп, баспана адамды сыртқы әлеммен байланыстырды, сонымен қатар басқа жағынан келгенде тұрғын-жай кеңістікті тарылтып, адамға өз дәрежесінде психологиялық жайлылық сыйлады деп ойлайды. Оның пікірінше, ботайлық үшін баспана элем құрылымы іспеттес: дөңгелек-көпбұрышты тұрпат, шар тәрізді жабын – аспан асты, баспана орталығы – ошақ, от – қолдан жасалған күн. Күндіз күн сәулелері шатырдағы дөңгелек шаңырақ арқылы түскен, түнде ошақ баспананы сәулелендірген. Түтін шығатын төбедегі орын космогониялық рөл атқарған, ол жасанды күн мен кәдуілгі күнді өзара байланыстырған. Мұндай құбылыс қалдығы деп қазақтардың дөңгелекті құлып ретінде, кесенелерінде күмбезді пайдаланғанын атауға болады (Зайберт, 2009: 313). Сонымен қатар зерттеуші баспаналардың культтық мәні болғандығын олардың іргесі жерлеу орындары ретінде пайдаланғандығын, кірер аузына итгің қаңқалары мен бас сүйектерінің қойылуымен, саз балшық бетперделері бар адамның бас сүйектері табылғандығымен дәйектеуге ұмтылды. Онымен қоса ғалым қыш ыдыстарға, тас дискілерге, «үтіктерге», ұршықтарға, топай сүйектерге, т.б. бұйымдарға түсірілген алуан түрлі ою-өрнектердің (үшбұрыш, ромб, ирек сызық, тор, т.б.) де мифологиялық мәні бар екендігін де айтып өтеді. Ал жерлеу орындарынан тотемизм мен анимизмді ботайлықтарда көруге болады дей келе В.Ф. Зайберт жылқы мен от культтары кеңінен таралғандығын ерекше атап кетеді (Зайберт, 2009: 323). Ғалым ботайлық жылқы өсірушілер арасында құнарлылық, ана, ер адам символдары секілді культтардың да орын алғандығын мәлімдейді.

Ботай адамы үшін қоршаған орта мен ландшафт, табиғи байлық, баспана, шаруашылық орындары, гидрожүйе, флора мен фауна, жылқы және өзге де материалдық құндылықтардың сакралды мәні болды. Әлбетте, әр кезде олардың дәрежесі де әрқилы болуы да мүмкін (Зайберт, Байгунаков, Сабденова, 2019: 165). Уақыт өте келе немесе күнделікті тіршілік барысында кейбір сакралды бөлшектер трансформацияға ұшырауы ықтимал, басқалары құндылық дәрежесін жоғалтып, басқаша семантикалық-реңкке өтуі де орын алуы мүмкін екендігін ескерген жөн. Қалай болғанда да жылқы өсіру ежелгі ботайлықтардың өмірінің мәніне айналғандығы анық. Және де барлық құндылықтар легі жылқының аясында топтасса керек.

5. Қорытынды

Өткен ғасырдың соңғы ширегінен бастап қазақстандық зерттеуші-археологтар энеолит тарихи-мәдени кезеңі сауалдары бойынша елеулі жұмыстар атқара бастады. Алайда оны зерттеу одан ертеректе, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін-ақ басталып кеткен болатын, оған дейін де ішінара энеолиттік мәліметтер белгілі бола бастаған еді. Осы аралықта деректік қор жинақталып, энеолит дәуірінің сауалдарына жауап іздестіріліп, алғашқы ғылыми түсініктемелер жасалына бастады. Дегенмен осы кездердегі еңбектерде сыни талдаулар аз болды, зерттеулер көбіне баяндамалық сипатта жүргізілуімен шектелді, кейде зерттеушілер қателіктерге бой алдырып та жатты. Мұның өзі сол кездегі жаңадан қалыптасып келе жатқан отандық археологияның деңгейін де көрсететін еді. Алайда өткен ғасырдың 70-80 жылдары отандық археологияға жаңа буынның келуі ғылым дамуына жаңаша серпін берді. Сол буынның бел ортасында В.Ф. Зайберт те жүрді. Сайып келгенде В.Ф. Зайберттің өмірі мен шығармашылық жолы солтүстік өңірлердегі археология ғылымының қалыптасып, дамуымен тікелей байланысты. Балалық шағын, студенттік жылдарын осында өткізгеннен соң, ғылыми жолға түсті, үлкен археологиялық мектептен өтті. Алғашқы ғылыми еңбектері тас дәуіріне, қола ғасырына арналды. Кейіннен зерттеушілік диапазонын кеңейтіп, ежелгі дәуірдегі мәселелер бойынша білікті маман болып қалыптасты. Одан кейінгі жылдары тас дәуірін, палеометал кезеңін, ерте темір ғасырын зерттеген кәсіби археолог ретінде танылды. Ғылыми айналымға неолиттік Атбасар мәдениетін енгізді, ерте темір дәуіріндегі қорғандарды қазып, сақ заманындағы жарқын ескерткіштердің материалдарын ғылыми айналымға енгізді. Қазіргі таңда оны ғылыми жұртшылық және көпшілік энеолиттік Ботай мәдениетін ашып, зерттеген көрнекті археолог ретінде таниды. В.Ф. Зайберт солтүстік өңірдегі археологиялық мектептердің



қалыптасуына да қомақты үлес қосты, жарты ғасырдан астам уақыт бойы ілкі замандардағы рухани және заттай мәдениеттерді, алуан түрлі археологиялық нысандарды зерттеді, отандық археология тарихнамасында алғашқылардың бірі болып сол аймақтан жүздеген жаңа ескерткіштерді тапты. Оларды ғылыми айналымға енгізе отырып, артында ондаған іргелі еңбектер қалдырды. Түрлі археологиялық дереккөздеріне сүйене отырып ол Орал-Ертіс аралығындағы көне ландшафт пен сол замандардағы тарихи-мәдени үдерістерді қалпына келтіруге ұмтылды, Дала өркениетінің бастауын іздестіріп, оның тамыры ботай мәдениетінде жатқандығын дәлелдеп берді.

Біздің тарапымыздан археолог В.Ф. Зайберт өмір жолы мен оның ғылымға қосқан үлесі қозғалды. Әсіресе Ботай мәдениетіне қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстары сараланып, негізгі пайымдары талданды. Ғалымның ғылыми қызметі көп қырлы, тұжырымдамалары мен зерттеу салалары өте ауқымды, ал ашқан жаңалықтары тарихи шынайылыққа негізделген. Археолог В.Ф. Зайберт отандық неолиттануға (Атбасар мәдениеті), энеолиттануға (Ботай мәдениеті) қомақты үлес қосқан ғалым ретінде кеңінен танымал. Бұл кезеңдерден басқа ол ежелгі тарихтағы көптеген қауымдардың заттай және рухани мәдениеттерін зерттеуге үлес қосты, археологиялық ізденістері арқылы ілкідегі социумдардың наным-сенімін, күнделікті өмірін, мәдени-шаруашылық типтерін, тұрмыс-салтын, қасиетті құндылықтарын, дүниетанымын, қоршаған ортаға көзқарастарын, т.б. саралап берді. Келешекте В.Ф. Зайберттің ғылыми мұрасы толыққанды саралауды, бағалауды қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

- Байгунаков, Сабденова, 2017 – *Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е.* Археолог, профессор Виктор Зайберт – 70 жаста // *Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия историческая.* 2017. № 3. Б. 99-101.
- Зайберт, 2009 – *Зайберт В.Ф.* Ботайская культура. Алматы: ҚазАқпарат, 2009. 576 с.
- Зайберт, 2011 – *Зайберт В.Ф.* Ботай. Дала өркениетінің бастауында: Кітап-альбом. Алматы: «Балауса» баспасы, 2011. 480 б.
- Зайберт, Байгунаков, Сабденова, 2019 – *Зайберт В.Ф., Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е.* Современное понятие «сакральный» и реконструкции его контекстов в материалах Ботайской культуры // *Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия историческая.* 2019. № 1 (92). С.160-166.
- Муканова, 2019 – *Муканова Г.К.* Археология как искусство: Зайберт Виктор Федорович (к 50-летию научно-педагогической деятельности) // *Народы и религии Евразии.* 2019. № 3 (19). С.160-166.
- Надыров, Байгунаков, Сабденова, 2017 – *Надыров М.К., Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е.* Религиозность масс: истоки и общие тенденции // *Вестник КазНПУ им.Абая. Исторические и социально-политические науки.* 2017. № 2 (53). С.108-112.
- Сулейменов, 2022 – *Сулейменов А.* Наука понесла утрату. Qazaqstan tarihu порталы. [Электронный ресурс]. <https://e-history.kz/ru/news/show/33541>. (қаралған күні: 02.11.2022)
- Черказьянова, 2012 – *Черказьянова И.* Профессор-археолог с мировым именем // Информационно-методический журнал «BIZ-Bote». 2012. №1-2. С. 76-80.
- Baigunakov, 2018 – *Baigunakov D.* A new Research Institute of "Archaeology and steppe civilization" // *Bulletin of al-Farabi KazNU. Series history.* 2018. No1. P.258-260.
- Zaibert et al., 2019 – *Zaibert V.F. et al.* The genetic history of admixture across inner Eurasia. *Nature Ecology & Evolution.* 2019. 3(6). Pp. 966-976.
- Zaibert et al, 2021a - *Zaibert V.F.* Dairying enabled Early Bronze Age Yamnaya steppe expansions. *Nature.* 2021. Nr 598. Pp. 629-633.
- Zaibert et al, 2021b - *Zaibert V.F.* The origins and spread of domestic horses from the Western Eurasian steppes. *Nature.* 2021. Nr 598, pp. 634-640.

References

- Baigunakov D.S., Sabdenova G.E., 2017 - Baigunakov D.S., Sabdenova G.E. Archaeologist, Professor Viktor Zaibert – 70. *Bulletin of KazNU named after al-Farabi. Series history.* 2017. Nr 3. Pp. 99-101. (In Kaz.)
- Baigunakov, 2018 - *Baigunakov D.* New Research Institute "Archeology and Steppe Civilization". *Bulletin of KazNU named after al-Farabi. A series of history.* 2018. No. 1. Pp. 258-260.
- Cherkazyanova, 2012 - *Cherkazyanova I.* Professor-archaeologist of world renown. *Information and methodological journal "Biz-Bote"*. 2012. Nr 1-2. Pp.76-80. (In Rus.)
- Mukanova, 2019 - *Mukanova G. K.* Archeology as art: Viktor Fedorovich Zaibert (to the 50th anniversary of scientific and pedagogical activity). *Peoples and religions of Eurasia.* 2019. Nr 3 (19). Pp.160-166. (In Rus.)



Nadyrov, Baigunakov, Sabdenova, 2017 - *Nadyrov M.K., Baigunakov D.S., Sabdenova G.E.* Religiosity of the masses: origins and general trends. *Bulletin of KazNPU named after Abai. The series "Historical and socio-political sciences"*. 2017. Nr 2 (53). Pp.108-112. (In Rus.)

Suleimenov, 2022 - *Suleimenov A.* Science has suffered a loss. Kazakhstan tariffs [electronic resource]. <https://e-history.kz/ru/news/show/33541>. (reviewed: 02.11.2022). (In Rus.)

Zaibert, 2009 - *Zaibert V.F.* Botai culture. Almaty: KazAqparat, 2009. 576 p. (In Rus.)

Zaibert, 2011 - *Zaibert V.F.* Botai. Dala orkeniyetinin bastauynda [Botai. At the origins of Steppe civilization]. Almaty: Balausa, 2011. 480 b. (In Kaz., In Rus., In Eng.)

Zaibert, Baigunakov, Sabdenova, 2019 - *Zaibert V.F., Baigunakov D.S., Sabdenova G.E.* The modern concept of "sacred" and reconstructions of its contexts in the materials of Botai culture. *Bulletin of Al-Farabi KazNU. The series is historical*. 2019. Nr 1 (92). Pp.160-166. (In Rus.)

Zaibert et al, 2019 - *Zaibert V.F. et al.* The genetic history of admixture across inner Eurasia. *Nature Ecology & Evolution*. 2019. 3(6). Pp. 966-976.

Zaibert, 2021a - *Zaibert V.F.* Dairying enabled Early Bronze Age Yamnaya steppe expansions. *Nature*. 2021. Nr 598. Pp. 629-633.

Zaibert, 2021b - *Zaibert V.F.* The origins and spread of domestic horses from the Western Eurasian steppes. *Nature*. 2021. Nr 598. Pp. 634-640.



Мазмұны 2023 № 26 (1)

**ӘДІСНАМА
бөлімі**

1. Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е.
АРХЕОЛОГ В.Ф. ЗАЙБЕРТ ЖӘНЕ БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ.....5

ТАРИХ бөлімі

2. Муминов А.Қ., Утепбергенова Ұ.А.
СӘДУАҚАС ҒЫЛМАНИ ТАРИХШЫ РЕТІНДЕ.....15

3. Айдарбаева Р.Қ.
1930 ЖЖ. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....30

4. Оралова А.А., Қара Ә.
ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР ЖӘНІБЕКҰЛЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ
ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ (XVIII ғ. 2-ші жарт.)43

5. Турлыбекова А.М., Мусагажинова А.А., Жакупов М.О.
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ
АРНАЙЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ.....58

6. Сақтаганова З.Ғ., Қарсақова Г.Б.
1921-1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҚМОЛА ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЛДАРЫНЫҢ
АСПЕКТІЛЕРІ.....72

7. Маликова С.З., Шериязданов Б.Р.
АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ӨКІЛІ ЖҰМАҒАЛИ ТІЛЕУЛИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР.....83

8. Жуманбаев Д.Н., Жуманбай Р.Н.
ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ БІРЛЕСТІКТЕРІНІҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХНАМАСЫ.....93

9. Кайруллина А.К., Батталов К.К., Жуматай С.
БАЯНАУЫЛ СЫРТҚЫ ОКРУГІ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ ШАРТТАРЫ
МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....108

10. Ильясова Г.С., Садыков Т.С.
ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК АЙМАҒЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ
ҮДЕРІСТЕР: 1999-2009 ЖЖ. МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....120

11. Ким Г.Н.
ПОЛИВАРИАНТТЫ ЗЕРТТЕУ КӨЗІ РЕТІНДЕ ЖЕР АУДАРЫЛҒАН
КӨРІСТЕРДІҢ ВАГОНДЫҚ (ОТБАСЫЛЫҚ) ТІЗІМДЕРІ.....132

**АРХЕОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АНТРОПОЛОГИЯ
бөлімі**

12. Гурсой М., Сиздиқов Б., Сералиев А.
МЫҢТӨБЕ НАУСЫ ХАҚЫНДА.....144



13. *Мионг С.О., Чан Б.С.*
КЕҢЕСТІК КӘРІСТІК БАҚ-ТАҒЫ МӘДЕНИ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯЛАУ ПРОБЛЕМАСЫ:
ДОМИНАНТТЫ НАРРАТИВ ЖӘНЕ ТАРИХИ ЖАДЫНЫ ЖАСЫРУ.....163
14. *Ақымбек Е.Ш., Талеев Д.Ә. Шагирбаев М.С.*
ТЕРІС-АСА АЛҚАПТАРЫНДАҒЫ ҚАҢЛЫ
ЖӘНЕ ТҮРКІ ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....173
15. *Нозайбаева Д.Т. Ибадуллаева З.Ө.*
ТУЫСТЫҚ АНТРОПОЛОГИЯДАҒЫ НЕГІЗГІ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ
КОМПОНЕНТІ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ.....190



СОДЕРЖАНИЕ 2023 № 26 (1)

Раздел МЕТОДОЛОГИЯ

1. Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е. АРХЕОЛОГ В.Ф. ЗАЙБЕРТ ЖӘНЕ БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ.....	5
---	---

Раздел ИСТОРИЯ

2. Муминов А.К., Утепбергенова У.А. САДУАҚАС ГЫЛМАНИ КАК ИСТОРИК.....	15
3. Айдарбаева Р.К. 1930 жж. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚ МӘСЕЛелЕРІ.....	30
4. Оралова А.А., Қара А. ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР ЖӘНІБЕКҰЛЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ (XVIII ғ. 2-ші жарт.).....	43
5. Турлыбекова А.М., Мусагажсинова А.А., Жакупов М.О. ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ АРНАЙЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ.....	58
6. Saktaganova Z.G., Karsakova G.B. SOME SOCIO-ECONOMIC AND DEMOGRAPHIC CONSEQUENCES OF FAMINE IN NORTHERN KAZAKHSTAN IN 1921-1923 (ON THE EXAMPLE OF AKMOLA PROVINCE).....	72
7. Malikova S. Z., Sheriyazdanov B.B. NEW SOURCES ON THE LIFE COURSE OF THE ALASH INTELLIGENTSIA REPRESENTATIVE ZHUMAGALI TLEULIN.....	83
8. Zhumanbayev D.N., Zhumanbay R.N. HISTORIOGRAPHY OF THE FORMATION AND DEVELOPMENT OF PUBLIC AND POLITICAL ASSOCIATIONS OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN.....	93
9. Кайруллина А.К., Батталов К.К., Жуматай С. БАЯНАУЫЛ СЫРТҚЫ ОКРУГІ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ ШАРТТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	108
10. Ilyasova G.S., Sadykov T.S. SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN: BASED ON THE MATERIALS OF 1999-2009.....	120
11. Ким Г.Н. ПОВАГОННЫЕ (ПОСЕМЕЙНЫЕ) СПИСКИ ДЕПОРТИРОВАННЫХ КОРЕЙЦЕВ КАК ПОЛИВАРИАНТНЫЙ ИСТОЧНИК ИССЛЕДОВАНИЯ.....	132



Раздел
АРХЕОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АНТРОПОЛОГИЯ

<i>12. Гурсой М., Сиздиқов Б., Сералиев А.</i> МЫҢТӨБЕ НАУСЫ ХАҚЫНДА.....	144
<i>13. Мионг С.О., Чан Б.С.</i> ПРОБЛЕМА КУЛЬТУРНОЙ РЕПРЕЗЕНТАЦИИ В СОВЕТСКИХ КОРЕЙСКИХ СМИ: ДОМИНАНТНЫЙ НАРРАТИВ И СОКРЫТИЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ.....	163
<i>14. Акымбек Е.Ш., Талеев Д.А. Шағирбаев М.С.</i> ТЕРІС-АСА АЛҚАПТАРЫНДАҒЫ ҚАҢЛЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	173
<i>15. Ноғайбаева Д. Т. Ибадуллаева З.О.</i> МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИЙ КОМПОНЕНТ ОСНОВНЫХ КОНЦЕПТОВ В АНТРОПОЛОГИИ РОДСТВА: ОТЕЧЕСТВЕННЫЙ И ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ.....	190



CONTENT 2023 № 26 (1)

**Section
METHODOLOGY**

1. <i>Baigunakov D.S., Sabdenova G.E.</i> ARCHAEOLOGIST V.F. ZAIBERT AND BOTAI CULTURE.....	5
--	---

**Section
HISTORY**

2. <i>Muminov A.K., Utepbergenova U.A.</i> SADUAQAS GHILMANI AS A HISTORIAN.....	15
---	----

3. <i>Aydarbayeva R.K.</i> 1930 REFUGEE PROBLEMS IN THE TERRITORY OF EAST KAZAKHSTAN IN THE 1930s.....	30
--	----

4. <i>Oralova A.A., Kara A.</i> PERSONALITY OF BATYR KOZHABERGEN ZHANIBEKULY IN THE CONTEXT OF INTERNATIONAL RELATIONS (SECOND HALF OF THE 18TH CENTURY).....	43
---	----

5. <i>Turlybekova A.M., Musagazhinova A.A.</i> THE TRAGEDY OF THE SPECIAL SETTLERS IN THE DOCUMENTS OF THE STATE ARCHIVE OF THE PAVLODAR REGION.....	58
--	----

6. <i>Saktaganova Z.G., Karsakova G.B.</i> SOME SOCIO-ECONOMIC AND DEMOGRAPHIC CONSEQUENCES OF FAMINE IN AKMOLA PROVINCE IN 1921-1923.....	72
--	----

7. <i>Malikova S.Z., Sheriyazdanov B.R.</i> NEW SOURCES ON THE LIFE COURSE OF THE ALASH INTELLIGENTSIA REPRESENTATIVE ZHUMAGALI TLEULIN.....	83
--	----

8. <i>Zhumanbayev D.N., Zhumanbay R.N.</i> HISTORIOGRAPHY OF THE FORMATION AND DEVELOPMENT OF PUBLIC AND POLITICAL ASSOCIATIONS OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN.....	93
--	----

9. <i>Kairullina A.K., Battalov K.K., Zhumatay S.</i> HISTORICAL CONDITIONS AND FEATURES OF BAYANAUL OUTER DISTRICT'S FORMATION.....	108
--	-----

10. <i>Ilyassova G.S., Sadykov T.S.</i> SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN: BASED ON THE MATERIALS OF 1999-2009.....	120
--	-----

11. <i>Kim G.N.</i> CARRIAGE (FAMILY) LISTS OF DEPORTED KOREANS AS A POLYVERSION SOURCE OF RESEARCH.....	132
--	-----



Section
ARCHAEOLOGY. ETHNOLOGY. ANTHROPOLOGY

12. *Gursoy M., Sizdikov B., Seraliyev A.*
ON THE SAGANA IN THE MYNTOBE.....144
13. *Soon-ok Myong, Byong-soon Chun.*
THE PROBLEM OF CULTURAL REPRESENTATION IN SOVIET KOREAN MEDIA:
DOMINANT NARRATIVE AND CONCEALMENT OF HISTORICAL MEMORY.....163
14. *Akymbek Y.Sh., Taleev D.A., Shagirbayev M.S.*
HISTORY OF STUDY OF SITES OF KANGUY
AND TURKIC EPOCHS IN TERIS-ASA VALLEYS.....173
15. *Nogaibayeva D.T. Ibadullayeva Z.O.*
IDEOLOGICAL COMPONENT OF THE MAIN CONCEPTS
IN THE ANTHROPOLOGY OF KINSHIP: DOMESTIC AND FOREIGN EXPERIENCE.....190



Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.
